


- # Әлеуметтік жұмыстың әдістері мен технологиялары



Орындағандар: Ағабек А.  
Жақсыбай С.  
Еңкебаева М.



# Әлеуметтік жұмыс технологиясының пәні мен міндеттері:

- Елдегі орын алып отырған саяси және әлеуметтік-экономикалық төңкерістер:
- қылмыстың, сыбайлас жемқорлықтың өсуіне,
- байлар мен кедейлер табысының арасындағы елеулі айырмашылықтарын, яғни халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуімен әлеуметтік қысымның жоғарылауы мәселелеріне алып келеді.
- Мұндай жағдайларда халықты әлеуметтік қорғау мен әлеуметтік қызмет көрсету жеткіліксіз болып саналады.
- Сондықтан да, әлеуметтік жұмыс жүйесі қайта жаңартуды, реформалауды талап етті. Бұл дегеніміз әлеуметтік қызмет мамандарын қайта дайындықтан өткізу, олардың кәсібилігін жоғарылату және іс жүзінде әлеуметтік жұмыстың қазіргі тиімді технологияларын қолдану болып табылады.



## Әлеуметтік жұмыстың технологиясы әлеуметтік технологиялардың бір бөлігі ретінде:

---

- Кез-келген қызмет көрсету саласында технологияны игеру, оны тәжірибеде қолдану кәсіби маманға қойылатын талап болып табылады. Сондықтан да, әлеуметтік қызмет саласында жоғары кәсіби білімді маманды дайындау бағдарламасы, әлеуметтік жұмыс технологиясы мен әдістерін негізгі оқу пәндерінің бірі ретінде қарастырады.
-

---

«Әлеуметтік технология»,  
«әлеуметтік жұмыс технологиясы»,  
«әдіс», «әлеуметтік жұмыстың  
әдістері» ұғымдарына және олардың  
өзара байланысына тоқталып өтейік.

---





Технология (грек тілінен *techne* - өнер, шеберлік, *logos* - оқу, үйрену) - өңдеу құралдары мен тәсілдері туралы және объектіні сапалы қайта қалыптастырудағы білім жүйесі болып табылады.

«Әлеуметтік технология» ұғымын алғашқы рет толығымен қарастырған еңбек 1976 ж болгар ғалымы Николь Стефановтың «Қоғамдық ғылымдар мен әлеуметтік технологиялар» монографиясы болды. Автордың айтуы бойынша әлеуметтік процестер технологизациясы - адамды, іс-әрекеттер құрылымымен, яғни әлеуметтік технологиялардың мәні білімді, тәжірибемен адамның дағдыларын, әлеуметтік қатынастары мен процестерін қайта қалыптастырумен түсіндіріледі деді.

---

---

Сонымен қатар әлеуметтік технология дегеніміз-адам өміріндегі әлеуметтік қатынастар мен процестерді реттеу және қайта қалпына келтірудің тиімді тәсілдері және оны тәжірибеде алгоритімдік түрде қолданады.

Ал әлеуметтік жұмыс технологиясы-қиын жағдайға душар болған азаматтарға көмек пен қолдау яғни әлеуметтік қызмет көрсетуге бағытталған әлеуметтік технологияның бір бөлілігі.

---

# Әдістері

Әдіс дегеніміз-нақты міндетті шешу үшін белгілі бір мақсатқа жету тәсілі.

Әлеуметтік процестерді, әдісті дамыту мен қалыптастырудың әртүрлі аспектілерін тануда орталық рөлге алып келеді. Яғни, адам әртүрлі әдістерді игере отырып, ғылыми жетістіктер мен қоғамдық құндылықтарды жете меңгеру қабілетіне ие болады. Себебі, әлеуметтік даму процестері ерекше принциптер негізінде және арнайы әдістер көмегімен жүзеге асырылады.

- 
- Әлеуметтік жұмыстағы әдіс екі жақты рөлді атқарады: 1) әлеуметтік тәжірибе мен адам өміріндегі әртүрлі аспектілерін зерттейтін және ғылым тудырған білімді қолдану мен таным жолдары, тәсілдері ретінде;
  - 2) осыған дейін өмір сүріп келе жатқан объектінің (субъектінің) сапалы өзгерісіне себепші болатын белгілі-бір нақты іс-әрекет ретінде
-



- 
- Жаңа білімдер алуда ғылыми зерттеулер әдістері маңызды орынға ие болады. Әдістердің көмегімен ғылыми таным мен ақиқатты анықтау жолы айқындалады.
  - И.П. Павловтың тұжырымдауы бойынша ғылымдағы әдіс – ең негізгі болып табылады, бастысы – әдістің дұрыс таңдалуы. Әдіс дұрыс таңдалатын болса, онда дарынды емес адам да жоғары нәтижеге қол жеткізе алады. Ал әдістің дұрыс таңдалмауынан данышпан адамның өзі де қажетті нәтижеге қол жеткізе алмайтынын ескерген жөн.
-


# Әлеуметтік жұмыс технологиясын дайындау 3 негізгі типтен тұрады

---

Теориялық

Әдістемелік

Процедуралық



# Әлеуметтік жұмыстағы технологиялық процесс

---

Әлеуметтік жұмыс технологиясы – бұл нәтижесінде белгілі-бір әлеуметтік мақсатқа жететін және әсер ету объектісі пайда болатын іс-әрекет алгоритмі. Бұл іс-әрекет бір реттік әсер ету актісі болып табылмайды, керісінше әлеуметтік жұмыстағы жаңа міндеттерді шешу барысында циклді түрде қайталанып отырады, сонымен қатар, мазмұны, формасы және әдістерінің өзгеруімен сипатталатын процесс. Мұндай циклдің мазмұны міндеттердің пайда болуынан бастап оны толық шешкенге дейінгі жиынтық технологиялық процесті құрайды.



Процесс  
– бұл ішкі  
және сыртқы  
факторлардың  
әсерінен зерттеу пәнінің өзгеруі.

Әлеуметтік  
жұмыста  
сыртқы фактор  
ретінде клиенттің  
өмір сүру ортасы  
Мен  
әлеуметтік  
жағдайы  
қарастырылады

**Технологиялы  
қ  
процестің  
мәні  
мен  
құрылымы**

Ал  
ішкі фактор ретінде  
адамдардың  
немесе адамдар  
топтарының  
адамгершілік-  
психологиялық,  
физиологиялық  
және физикалық  
ресурстары  
қарастырылады.



Әлеуметтік жұмыс технологиясына процесс ретінде белгілі-бір уақытқа қатысты ұзақтық, мақсат пен міндетті анықтаудан бастап, оны тәжірибеде шешкенге дейінгі уақыт аралығы тән. Бұл ұзақтық әлеуметтік жұмыс ұйымдастырушыларының және олардың клиентпен өзара әрекеттерінің аяқталған циклін білдіреді. Ортақ мақсаттағы іс-әрекеттің мазмұнының тұрақты, қайталанып, тізбекті ауысуы – технологиялық процестің мәнімен сипатталады.

Біріншіден, технологиялық процестің негізін іс-әрекет алгоритмі (операция) құрайды.

Екіншіден, технологиялық процестің маңызды компоненті операция болып табылады.

Үшіншіден, технологиялық процестің маңызды компоненттерінің бірі инструментарий болып табылады.



Біріншіден, технологиялық процестің негізін іс-әрекет алгоритмі (операция) құрайды.

- Алгоритм – белгілі-бір мәліметтер бойынша операцияның қалай және қандай кезектілігі арқылы міндеттердің нақты шешімін білдіретін бағдарлама. Бұл терминнің әлеуметтік жұмыстағы қолданылуы, әлеуметтік жұмыс объектісінің қайта қалыптасуына ықпалдылығымен түсіндіріледі.





## Екіншіден, технологиялық процестің маңызды компоненті операция болып табылады.

- Операция – бұл саналы түрде мақсатқа жетуге бағытталған қарапайым іс-әрекет. Жалпы мақсатқа біріккен операциялар жиынтығы, технологиялық процесс процедурасын құрайды.
- Бәрімізге белгілі, іс-әрекеттің нәтижесіне әлеуметтік ортаның ерекшелігіне сай әртүрлі бақыланбайтын факторлар әсер етуі мүмкін. Олардың ішінде, экономикалық жағдайды, әлеуметтік-экономикалық құбылысты, сонымен бірге, тұлға немесе әлеуметтік топ ерекшеліктеріне тән субъективті факторларды атауға болады. Сондықтан да, әрбір операцияның осы технологиялық циклдің нәтижесі, әлеуметтік сала маманының кәсіби сауаттылығына, әлеуметтік қызметті қажет ететін клиент жағдайына әсер ете алу қабілетіне тәуелді.





Үшіншіден, технологиялық процестің маңызды компоненттерінің бірі инструментарий болып табылады.

---

- Инструментарий – тұлғаға немесе әлеуметтік қауымдастыққа ықпал ету арқылы мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін құрал. Адам өзінің іс-әрекеттерін жүзеге асыру барысында қоршаған ортамен өзара байланысқа түсе отырып, тұлға ретінде дамиды және қалыптасады, өмір сүреді. Сондықтан да, әлеуметтік жұмыс клиентті қайта қалыптастырушы, танымдық, құндылықты-бағытталған, коммуникативті іс-әрекеттерге тарту, бұл тұлғаға әсер етудің маңызды құралын пайдалану болып табылады. Мұндай міндеттерді шешу үшін әлеуметтік қызмет маманы көмекші құралдардың толық кешенін және ақпараттық, ұйымдастырушылық-әдістемелік және процедуралық сипаттағы тәсілдерді қолданады.
-

# Қорытынды

---

Егер олар нақты технологиялар үшін жалпы маңызды, әдіснамалық сипатқа ие болса, технологиялық процеске кіретін процедуралар мен операциялар оның құрылымдық элементі рөлін атқарады. Нақты технологияларда жеке процедуралар өзіндік технологияға айналуы немесе жеке мәндерге ие технологияларға бөлініп кетуі мүмкін. Мысалы, нақты жағдайдағы клиентпен әлеуметтік жұмыста өзіндік сипатқа ие болатын, толық және жалпыландырылған әлеуметтік технологиялық процестегі мақсатты жобалау процедурасында операциялардың бірі диагностика болып табылады.

---



# Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

---

- Холостова Е.И. Теория социальной работы. М.: Гуманитарный издательский центр ВЛАДОС, 1999г.
  - Зайнышев И.Г. Технология социальной работы. Под ред. И.Г. Зайнышева. М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2002.
  - Ядов В.А. Социологическое исследование: методика, программа, методы. Самара, 1995г.
  - Андреева Г.М. Социальная психология. Третье издание. М.: Наука, 1994 .
  - Авдеев В. Психотехнология решения проблемных ситуаций. М.: ИМА-пресс, 1994.
  - Краснова В.Г. Педагогические аспекты в социальной работе: Учебное пособие. - Волгоград: Изд-во Волгогр. гос. ун-та, 2004.
-